

Панфилов ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне тұрғын үй жайларды жылыту үшін отын сатып алуға біржолғы әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 шілдедегі N 4-20-134 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Панфилов ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 12 тамызда 2-16-90 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 4-25-165 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 21.12.2009 № 4-25-165 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 53–бабының 2–тармағының 2–тармақшасына сәйкес Панфилов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Панфилов ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне 2009 жылғы бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй жайларды жылыту үшін отын сатып алуға әлеуметтік көмек бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленсін.

2 . Панфилов ауданының қаржы бөлімі әлеуметтік көмектің қаржыландырылуын қамтамасыз етсін (Албанбекова Бибігүл Нүкенқызы).

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі әлеуметтік көмекті есептеу және төлеу жұмыстарын жүзеге асырсын (Жақыбай А з а т Ж а п а р ұ л ы).

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т ы</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Б. Ауелбеков</i>	
	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>хатшысы</i>	<i>Т. Оспанов</i>	